

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні!

Сыр — анам, Қаратау — панам!

Жаңақорған

ТЫНЫСЫ

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / аудандық қоғамдық-саяси газет

№18 (8522) 6 наурыз, жексенбі 2022 жыл

Қазақ қызы



Аманат арқалаған Айша

Ай мен Айша, бірі көк, бірі жерде. Бірақ екеуінің ойы бір, айтатын әнінің, шертетін мұң мен сырының тақырыбы ортақ. Талай түндерде боразданы соқаның тісімен қақ айырып, жер жырып, дән сөйіп таң атқанша қос қолы рөлде қарысып қалаатын жалғыз аруға көктем жар болып, жарығын төгіп тұратын жарықтық Ай ғана әді-ау.

Баян ҮСЕЙІНОВА

Он екі, он үштегі кезі. Үйге әкелері бір әйелді ертіп келді. Басы бос болса екен, үйінде өсіп келе жатқан үйелмелі-сүйемелі төрт қызы бар. Мұның алдында бірінен соң бірі үлпершектей екі перзенті шетілеп, соның күйігін көтере алмай, қу сүлдері қалған жан-жарын да табанасты еткен түрі бар. «Үйді босатындар» деп талап қойды. Сонда қақсайып, қарсы шығып, туған әкесі болса дағы қиянатына қынбай «Біз ешқандай кетпейміз. Кетсеңіз өзіңіз кетіңіз» деп қарлығын ұясындай құтханасын қорғап қалған осы қара қыз болатын. Шешелері оңтүстік жақтың қызы еді. Босағасын қылып, төркін жаққа аяқ басқысы жоқ.

Сөйтіп әкелері бөтен үйге кетіп тынды. Қақпаған қыстың уағы. От жағуға тал, терек шауып, арбамен тасу әкесі екеуінің мойнында. Есік алдында арқы-тұрық мал бар. Оған шөп керек. Күн бойы қолдары бейнеттен босамайды. Осыныша қиындыққа лақтырған қу әкесі сонда да қинайды, бірақ. Әсіресе ең кішкентайлары. Бірінші сыныпта оқитын кезі. «Төреселерінен сығалап, бір көріп келіңізші, әкемді» деп қыңқылдаған соң анасынан жасырып жібереді екеуі. Сосын сінділері оралғанша өтірік күйбендеп мал қордада жүргендері. Үшеуі бас қосып, көрпелің астына кіргенде барып сыбырласа бастайды: «Көкем қайтып жүр екен?»

4-бетте



Анаған аңсаған, арнадым ән саған...

Бұл күн жаһан жұртының ана алдында бас иіп, әйел қауымына құрмет көрсететін ұлық мерекесі. Ақжаулықты әжелерге, ардақты аналар мен аяулы аруларға, жайдарлы жеңгелер мен керім келіндерге құрметіміз ерқашан шексіз, олардың ортамызда жүрген әр күні біз үшін мейрам. Шұғылалы көктемнің шуақты күнімен келетін 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнін жыл сайын жоғары деңгейде атап өту мейрамын біз білеміз. Осыған орай Манат Кекенов атындағы аудандық мәдениет үйінде «Әйел күнінің шуағынан жаралған...» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Әлібек ЖАРЫҚБАЕВ



«Қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билік партиясының көзектен тыс съезіне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев сөз басында барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады. — Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекеттіміз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіремін. Ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл бүгін өтуінің символдық мәні бар. Бірінші наурыз — партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастамалар көтеріп, сайлаушылардың қол-

дауына ие болды, — деді Президент. Мемлекет басшысы партияның келешегі жөнінде айта келіп, оның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне тоқталды. Президент еліміздің «Жаңа Қазақстан» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кіріскенін мәлімдеді. Алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйытқы болуға тиіс. — Саяси ұйымның атауын Аманат деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс

болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл — еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз — бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз — міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанды. «Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің — мағынасы терең, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалғыз ұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың

құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұрамызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл — біздің аға буын мен ескелең ұрпақ алдындағы қастерлі борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде Аманат деп атауды толық қолдаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент өткен айда жүргізілген ауқымды аналитикалық жұмыстар партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізуге қажет екенін көрсетті деп атап өтті. Жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдай отырып, партия Төрағасы бірқатар басым міндетті айқындап берді. Оның пікірінше, ең алдымен, орталыққа тәуелділікті жою және партия аппаратының тиімділігін арттыру қажет.

— Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғатты. Жұмысқа құлынғып тұрған азаматтар өз орындарын дербесіз функционалға беруге мәжбүр болды. Сондықтан орталық аппаратының филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократия мен қағазбастылықтан үздік-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арлуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру қажет. Депутаттық фракциялар диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін өздеріне алып, олардың жұмыс қорытындысы бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

— Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл — аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек, — деді партия Төрағасы.

Мемлекет басшысы азаматтардың мүдделерін ілгерілетуді және партияның ашықтығын басты мәселе ретінде айқындады. — Партия популизмге салынып, орындамайтын үде бермегені жөн. Сонда Премьер-министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Ал оның партияға кері әсері тиеді. Бұндай көзбояушылықтың салдары адамдардың әлеуметтік көңіл-күйіне және шіркі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет, — деді

Президент. Партия Төрағасы елімізді одан әрі жаңғырту үшін партияластарынан тың ұсыныстар күтетінін атап өтті. Сондықтан жалпыұлттық өзекті мәселелер күн тәртібін азірлеу үшін Қазақстанның әрбір азаматынан тың идеялар мен ұсыныстар жинау жөнінде республикалық акция ұйымдастырған жөн. Мемлекет басшысы партияластардың ішінен сенімді адамдарды іріктеп, оларды ілгерілету ісін жалғастыра беруге дұрыс деп санайды.

— Ашығын айтқанда, қазіргі кезде саяси менеджерлерді даярлау ісі ақсап тұр. Қазіргі жағдайда саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алу керек. Мұндай адамдар ел арасында аз емес. Әлеуметтік лифтінің жоқтығы — бірден-бір кедергі. Жас әрі қабілетті мамандарға мүмкіндік бермейміз. Бұл — біздің басты кемшілігіміз. Партия құрылымында Саяси менеджмент академиясы бар. Осы академияның қызметін күшейту қажет, — деді Президент.

Президент осы айтылған міндеттерді мейлінше қысқа мерзім ішінде орындау қажет екеніне назар аударды. Партия Төрағасы орталық аппаратқа жұмыс тобын құрып, партияның жаңа тұғырнамасын азірлеуді тапсырды. Оның айтуынша, Аманат — озық ойлау мен әділдіктің, бірлік пен алға ілгерілеудің партиясы, халықтың пікірі мен ел мүддесін ескеретін азаматтарымыздың игілігі жолында қызмет ететін негізгі ұйым. Украинада болып жатқан қазіргі жағдайда осы айтылған барлық мәселенің мәні зор.

— Біздің ұстанымымыз мемлекетіміздің қауіпсіздігін, егемендігін мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізген ел ретінде еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығын қамтамасыз етуге міндеттіміз. Мен бұл туралы 10 ақпанда Мәскеуге жасаған сапарымда айттым. Біз екі мемлекетті келіссөз үстелінде ортақ тіл табысуға, уағдаластық пен келісімге келуге шақырамыз. Басқа жол жоқ. Жақсы жағдайдан жанан бітім артық. Бейбітшіліксіз даму болмайды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан, қажет болса, делдалдық қызметтермен қоса, барлық көмек түрлерін көрсетуге дайын.

— Мен Қауіпсіздік Кеңесінің бірқатар отырысын өткіздім. Санкциялық қарсылықтың бұрын-соңды болмаған шиеленісуі жағдайында Үкіметке елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер жүктеттім. Біздің экономикамыз дағдарыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін санкциялық сын-қатерлерге қарсы тұруға дайын болуы керек. Алдағы қиындықтар мен сынақтарды біріміз бірге еңсереміз деп ойлаймын. Олардың күрделілігін бағаламауға немесе асыра көрсетуге болмайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін жасауға уәде берді.

akorda.kz

«Отан» партиясы кезінен мүшелікке өтіп, одан өрі ол «Nur Otan» атауын иеленді. Сол кез қозғарасы тұрғысынан қарайтын болсақ, партия жауынгерлері билік пен халық арасында аманаттарын адал атқаруға тырысты деп есептеймін.

«Аманатқа» ақ тілек

4-бетте

Баршаға аян, «Nur Otan» партиясының көзектен тыс XXII съезінде ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Nur Otan» партиясы фракциясының төрағасы Ерлан Қошанов партия атауын «AMANAT» деп өзгерту туралы ұсыныс білдірді. Мемлекет басшысы, Партия Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл ұсынысты қолдады, мұны сөздел делегаттары да бірауыздан мақұлдады.

Асыл міндетке адалдық

4-бетте

Жер бетінің, Жиган жақұт, жылуын, Ана — өмір, Ана — сенің ғұмырың. Ел сыйлаған, Ең бірінші анасын, Сен де сыйла, Биік болар тұғырың!



Сырғайым

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР БЕТІ



Сақшы қыз

Ақботаның құқық қорғау саласына келгеніне жылға жуық уақыт өтті. Әрине көп уақыт емес, слайда жас маманның осы өз уақыт ішінде өткен еңбегі елеулі. Жас болса да табандылығы мен талапшылығы, жауапкершілігі мен ауыр жүкті жігіттермен қатар көтере білетінін көрдік. Әсіресе ауданда өткен республикалық терроризмге қарсы оқу-жаттығу жиынында оның қырағы екенін көзіміз шалды. Осындай қайсар мінезді қазақтың қаракез қыздары қоғам тыныштығын күзетуі де көрек-ақ.

Уақыт өткен сайын тәртіп сақшысы мамандығын жетік меңгерген қыз-келіншектердің қатары артып келеді. Бұл сала ішкі істер органы болғасын ерлер немесе әйелдер деп бөлінбейді. Ереже, тәртіп бәрине бірдей. Осы түздегі темірдей тәртіпке бағынған сақшы қыздарды қалай дәріптесек те жарасымды.

Ақбота Шынтемір полиция қызметкері болуды өзі таңдаған. Бұл мамандықты бала кезінен армандағанын мақтаныспен айтты.

— Осы салаға келуге ата-анам қарсы болмағанымен, қыздар үшін ауыр екенін ескертті. Бала кезгі арманы болған соң батыл қадамға баруға тура келді. Жоғары оқу орнын да жақсы бағамен тәмамдады. Еңбек жолым енді басталған соң үлкен жетістіктерге жету үшін талмай ізденіп, білімді жетілдіріп, тәжірибемді толықтыра түсуім керек. Қыз бала үшін жауапкершілік жүгі ауыр сала екенін әу бастан түсіндім. Бірақ, сол қиындығына қарамастан өзіннің арманының шындыққа айналуы жолында бар күш-жігерімді жұмсаймын, — дейді кейіпкеріміз.

Ақбота кенттегі №163 орта мектепте білім алған. 2017 жылы осы мектептен түлеп ұшып, Алматы қаласындағы Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына оқуға түседі. 2021 жылы жоғары оқу орнын «Құқық қорғау қызметкері» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Жаңақорған ауданының полиция бөлімінде бастайды. Қазір ол аудандық полиция бөлімінің криминалдык полиция бөлімшесінде жедел уәкіл лауазымында қызмет атқарып келеді.

ең басты мақсатым — қоғамдық тәртіпті күзету, азаматтардың құқықтарын қорғау деп ойлаймын. Сондықтан да, ерлермен қатар қиындық болса да тәуеге тырысамыз. Өйткені, бұл менің қызметім, — дейді Ақбота Қыдырбекқызы.

Күнделікті күйбең тіршілік барысында осы қызметте жүрген нәзік жандылардың жан-кешті еңбектері көзге іліге де бермейді. Қазіргі ақпараттық технологияның дамыған заманында аруларымыз қоғамның барлық саласында тер төгуде. Тіпті, олардың полиция қатарында қызмет етуі ерекше мақтанарлық жайт. Сондықтан әйелдер мерекесі қарсаңында антына адал, қайсар мінезді ару туралы басшылық қауым да ізгі ілтипатын білдіріп, оның қызметтегі еңбексүйіштігін сөз етті.

— Былтыр жас маман ретінде Ақбота Қыдырбекқызын қызметке қабылдадық. Бірер ай оның іскерлік қабылетін, жауапкершілігін саралап көрдік. Ол өзін өжет, ұқыпты қызметкер ретінде көрсете бастады. Бізге келген арулардың көбі дерлік жоғары лауазымға ауысып кететіні бар. Өйткені еңбек қашанда еленеді, — дейді аудандық полиция бөлімінің бастығы Ғани Түрсекеев.

Жалпы, қазақ батырларының арасында еліне, жеріне қорған болған аналардың ерлігі тарлап тарихта таңба болып басылды. Табиғаты нәзік болса да, қайсар мінезді қыз-келіншектер отанын рухта тәлім алып, отбасының да ұйытқысы бола тұра елдің тыныштығы үшін ер азаматтармен қатар жүрді. Осындай жауапкершілігі мол құқық саласының мерейін өсіріп, рухын көтеріп жүрген жандарға қандай мақтау айтсақ та жарасымды.

Қазір аудандық полиция бөлімінде осы қызметте жүрген төрт бірдей ару бар, олардың әрбіріне өзіндік қызмет жүгі міндеттелген. Сондықтан сақшы қыздардың еңбегіне сәттілік тілеп, біз де мерекемен құттықтағанымыз келеді.

Әлібек ТЕМІРБЕК

Дүниеде жаны бар атаулының барлығы ананың жүрегінен жаралған. Пайғамбар да, хан да, батыр да, бағлан да ана құрсағынан таралған. Тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, сені дүниеге әкелген — Ана. Әлемнің жарығын сыйлаған — Ана. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап парсаң да, ана алдыңдағы парызыңнан құтыла алмайсың» дейді бір төмсілде. «Жұмақ ананың аяғының астында» — деп те ана алақанының жылуын, шауқты мейірімін жұмаққа теңеп жатады.



Алтын құрсақты Ана

Қосүйеңкі ауылы өзінің тұлғалы ғалымдары, ақын, жазушы, еңбек ерлермен де, сол дарынды таланттарды дүниеге әкелген Батыр аналармен де мақтана алады. Кешегі Кеңес дәуірінде, алды он бес, арты он бәла туып, асырап, өсірген, кеуделеріне «Батыр ана» медалін таққан аналар тобы бір лек.

Қазірде көз тірі аналарды тізбектесек: Жанайым, Ұлмекен, Тыныштық, Мәндікыз, Зұлфия, Рысқұл, Тотыгүл, Шарипа, Бибайша, Бибігүл, осылай жалғасып кете береді.

Жеті айлығында әкеден жетім қалған Бибігүл анасы Ақбаланың тәрбиесінде өсті. Екі жасқа жетер-жетпесте соғыс басталып кетті. Анасы Ақбала жұрт қатарлы еңбек майданының бел ортасында жүрді. Бірде мал соғында, бірде шөп шабу, бидай орағында, түнде майданға киім-кешек тігіп, қолғап тоқып, таңның атысы, күннің батысы тынбай еңбек етті. Кішкентай сәби Бибігүл анасының етегіне орала жүріп ержетті. Анасын аяп, бейнетінің жартысын арқалады. Он жеті жасында Иманбек деген жігітке тұрмысқа шықты.

Бұл өткен ғасырдың, 1956 жылдың тамыз айы еді. Екі жас ауыр да болса, қиындықтан қорықпай, кеңсардың бір отар қойын қабылдап алып, жеке өмірлерін бастап кетеді. Содан бақандай отыз бес жыл өмірлері мал соғында өтті. Ыстық-суығы мол шопан тұрмысы екі жасты шындай түсті. Алдарындағы отары өз төлінен көбейіп, абырой-атақтары биіктеп, зотат шопандардың бірі болды. Алты қанат ақ боз үй тігіп, шаңырағынан қонақ үзілейтін, берекелі дастарханы жылмайтын қонақжай отбасы болды. Жасында анасынан кілем тоқу, текемет басу, ою ойып, кесте тоқуды үйренген Бибігүл ақбоз үйін өзінің қолымен жасақтап, жайнатып қойды. Алла еңбектеріне береке беріп, несібесін арттырса, ұл-қыз беруде де ана құрсағын кем қылмады. Алтын құрсақты ана атанды. Құдайдың берген он бес ұл-қызын дүниеге әкелді. Тек екі шақалағы жастай шетінеп кетті. Қалған жеті ұл, алты қызды мәлелен өсірді, мәуелі баққа айналды. Ағайыннан жалғыз өскен Имекең ағамыз бен Бибігүл жеңгеміздің шаңырағы шаттыққа толды. Ұлы ұяға, қызы қияға қонып, өрісі кеңді.

таусылмайтын қиын кәсіп. «Егінші жауында, балықшы дауылда, қойшы өлгенде тынады» деуші еді. Әй, бұл қойшыға берілген деп сипаттама. Қазарым басынан өткен соң айтқаны да.

Қыстың бораны, жаздың аптабына шыдамдылықпен қарсы тұрды. Бибігүл жеңгеміз сексен екіге келсе де, әлі ширақ, сөзі түзу. Басынан өткен көп бейнеттің біразын өңгімесіне арқау етті. «Е, несін айтайын, талай нәрсе өтті ғой. Қойшы тірлігі таң атқаннан күн батқанша дейін таусылмайтын азап тірлік. Қыста қора тазалау, малға жем-шөп салу, қиын үйіп қойып кешке қайта жаю, көктемде мал төлдетіп сақлап бағу, жазда ағаларың көкпар шауып, «сәрілетіп» кеткенде, балаларды үйге қамап кетіп, мал жаю сол кездегі біздердің үйреншікті ісіміз еді. Кең ойып, тезек теру, күнде табаға нан жабу, жұсан шауып оны арқалап тасу, тамақ пісіріп, ас дайындау, бәрі-бәрі қолымыздан өтті ғой. Оқу жасындағы балалар үйден жырақ интернатта оқыды.

Ағаларың 1991-жылы зейнеткерлікке шығып, Қосүйеңкінің орталығынан даңғарадай үй салып, осында көшіп келдік.

Шалым сөзге шебер, шежіреге қанық кісі еді. Көргенін, естігенін, оқығанын еш ұмытпайтын. Кітапты көп оқитын. Кітапханадан үзбей кітаптар алып оқитын. Сол кездердегі шопандар газет-журналға көп жазылатын. Қалыңдығы бір кітаптай болатын «Жұлдыз», «Жалын», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Ара» журналдарымен қатар, газеттерді де почташы ай сайын үйіп-төгіп әкеп тастайтын. Күндіз қой сонында жүріп, етік қоңшына кітап, журналды салып алып, мал жусағанда жата қалып, кітап оқығанның рахатын қойшыдан артық білетін жоқ. Күнделікті жаңалықтарды, сазды әуендерді шағын радиоқабылдағыштан тыңдадық. Радио ердің басында ілулі тұратын» — деп бір қайырды Бибігүл жеңгем. «Қыста сырға салу, көктемде мал төлдету, жазда жайлауға көшу, күзде күзеуге түсіп мал қашыру машақаттары өз алдына бір төбе әңгіме. Бейнет дейміз бе, әлде өмірдің қызығы дейміз бе? Қазіргідей күнін санап, сағатын біліп отыратын аспап жоқ, көшіп жүріп бала босанған, баланың кіндігін әкелері кескен жағдаяттар қанша. Жылдың кез-келген уақытында үйде отырып босана беретінбіз. Құдайға шүкір, сол балалар аман-есен ержетті. Аяғы шығып жүруге жарағанда жалаң аяқ, жалаң бас қар-жаңбына қарамай, ойыннан қалмайтын қарадомалақтар ауру-сырқаудан аман болып, денсаулықтары мықты болып өсті. Құдайдың құдіреті шығар. Сөз арасында, «өзіміз бастан кешкен өмірім жайлы жүз беттей естелік жазып едім. Кейіннен, менің көргенімді ұрпағым көрмесін, білмей-ақ қойсын деп жыртып тастадым» — деді. «Қап» — деп өкініп қалдым. Тағдырлары шежіреге толы көнекездің көргенінің өзі кейінгіге енеге ғой.

Айтпақшы, 8 наурыз Бибігүл анамыздың туған күні екен. Алланың берген 7 ұл, 6 қыздан құрамы 37 немере, 23 шөбере сүйіп, миуалы баққа айналған анамызды туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жұмақтың кілті — ананың табанында, шауқты мейірімінде, жұмақ жүрегінде!

Қалмұрат МҰСАБЕКҰЛЫ,
Қосүйеңкі ауылы.



Алғашқы қарлығаштар, алқызыл қызғалдақтар

Туған жерімиздің денсаулық саласында 64 жыл тер төккен адаммын. Еңбек жолымды 1958 жылы «1 май» колхозында фельдшер болып бастаған едім. Жоғары білімді дәрігер саусақпен санарлық. Орта буында мамандардың өзі жетіспейді. Ауыл-ауылда ауруханалар аз. Сол себепті өкіметіміз алыс елді мекендерде медицина қызметкерлерін дайындайтын медицина ашуға шешім етіп, сол уақытта аудандық бас дәрігері Егемберді Әмітөвтің еңбегі арқасында Жаңақорған ауданында дәрігерлік медициналық ашылды. Бұл — 1971-1972 жылдар болатын. Бастапқыда Абдрейсов Сұлтанбек басқарды оқу орны. Ол кісіден кейін дәрігер невропатолог Әбласан Әсәттаров басқарды. Біздің Бірлік ауруханасында жұмыс жасайтын бес медресаның орнына онының сыныпты бітірген қыздарды қабылдауға тура келді. Алыс елді мекендердегі медициналық маман болмағандықтан Жаңақорған медициналық бітірген орта буында медицина қызметкерлерін жұмысқа қабылдап, қайнаған еңбекке араласып кетті. Сөйтіп, аудан бойынша

бздің аурухана да мамандармен толықты. Медициналық қыздарға сабақ беретін оқытушылар — ауданға белгілі дәрігерлер Сұлтанбек Әлжабаев, Өтеп Бердиев, Бектұрсын Нысанбаев, акушер-гинеколог Мария Жұмағалиева, Зұлхарнай Искаков сынды азаматтар еді. Көбі бүгінде марқұм болып кетті. Сол училищені бітірген көптеген қыздар Бірлік ауруханасында дәрігерлік пунктке жұмыс істеуге қабылданды. Жаңақорған медициналық бітірген қыздардың білімі мен іскерлігі өте жоғары болды. Сол уақытта сабақ берген азаматтарға — дәрігерлерге үлкен алғыс айтық келеді.

Бірлік ауылында ауруханада жұмыс жасаған үш қызды (суретте) ерекше айтқым келеді. Олар: фельдшер Мәрия Бердиева, көп балалы ана. Көп жыл ауруханада балаларға егу шараларын жүргізіп, зейнетке шыққан. Оның ізін жалғастырушы — Нұрлан Солбеков те бүгінде дәрігер. Екінші медицина қызымыз — Сауле Бекмурзаева да бүгінде алтын құрсақты ана. Оның ұлы Азамат Бірлік ауылы әкімі болып қызмет атқарып жүр. Сонымен

қатар, Қыраш ауылындағы медициналық пунктіннің менгерушісі қызметін атқарған Ұлман Әкімбаеваны да ерекше атап өткім келеді. Ол 1949 жылы Қызылорда медициналық колледжін бітірген. Бірлік ауылдық ауруханасында фельдшер болып жұмыс істеді. Қызы Анар Нахипова дәрігер кардиолог.

Буын бәрін тізбелеп айтып отырған себебіміз, осы әйел-азаматтар қараша дайын халық саулығы жолында уақытпен санаспай, еңбек етіп, сол жолда жастығын да, жалынын да берді. Осы қарлығаштардың қызғалдақтай құмырлары менің көз алдыма әлі сайрап тұр. Бүгінде сол қияпат бейнеттерінің жемісін көріп отырғанына бек қуаныштымын.

Қарындастарымды, замандастарымды келе жатқан 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әлімхан БАУБЕКОВ,
медицина саласының ардагері

«Әйелдің бағы барған жерінде жанады» деп жататын үлкендердің сөзіне кезінде көп мән бермеппіз. Қыз бала келін болып түскен елге үйренісіп, бір адамдай сіңіп кетуі жеңіл-желпі нәрсе емес. Өз басымнан айтарым, жастай қоғамдық қызметке араласқаным бар, оның үстіне жалғызбалалы анама қарайласамын деп отыздан асқанша өз басымның бақытын жиып қиюыма тура келіпті. Комсомолдардың облыстың бір шарасында жаңақорғандық Аманкүл деген ерліпестен жолығып, көңіліміз жарасып, ақыры жұп болып ғұмыр жағауға серттестік. Жары мезгілсіз қайтыс болып, екі қызы, кішкентай ұл баласын өзі бағып-қағып, өсіріп жатқан жігітке менің рухана демеуім де аса қажет екенін келген күннен түсіндім.

Атамыз Ұлы Отан соғысына қатысқан кісі, кемпірі ертеректе дүние салып, бар қамқорлықты осы қарашықтарынан күтіп отырған жүйне бар екен. Міне, маған келген күнінен бастап осындай жауапкершілікті иығыма артуыма тура келді.

Несін жасарайын, бір айлықтың адамдарым дөсек те Аралдың қызына бұл елдің көп тіршілігі тым тосын тиді. Үйлесіп кете аламын ба деген уайым да аз болмады. Менің қолыма қарап қалған жауқазын сіндімді кейін қамқорлығымызға алған Аманкүл екеуімізге мін тағу аздай, өзінің қызы бар екен, қолына алыпты деген жұл сөз тарады. Аз бұрын жетінің сыныпта оқитын сіндімді үйдің жанындағы №125 орта мектебіне орналастырған едім. Сонда мектеп директоры Хадисша Баязитова апамның алдына барғаным. Аралдың қызы екенімді біліп, арқамнан қағып, «Аманкүл менің оқушым болған. Сабақты өте жақсы оқыды. Тәртіпті, кішіпейіл болатын. Қазір де сондай, ол жігітпен қол ұстасқан қор болмайсың» деп көңілімді көтеріп тастады. «Бір апам бар» деп араласып тұр деп үйіне Аманкүл екеуімізді тұра деп Балалары жас, үлкендері студент. Әуелудің көке туған ағайымдай көрген жерде қазындай еркелетіп, дем беріп қоятын. Анадай өсекке шыдамай, апай мен ағайға әбір-жәбір ақтарылып, төркіміне кетпек болған шешімді айттым. «Жұрт айтса бір күн, екі күн айтады, өтіріктің құйрығы бір тұтан, жел сөз жайына қалады. Соған бола өзіндің де, нешеме жаның тәзгірдің да тас-талқан етпексің бе» дегенде ентігім басылып, ес-ақылымды жиып, жаңа бір міндетті арқалап шыққандай болдым. Жаман болмадым. Мамандығым бойынша ұстаздық еттім. Балабақша менгерушісі болдым. Аудандық ішкі саясат бөлімінде бас маман, одан әрі басшы болып қызмет атқардым. Әйелдер ұйымы жұмысына белсене араластым. Қазір зейнеттемін. ораза намазымды түгендеп, Аманкүлдің артында немерелерімнің ортасында бақытты ғұмыр кешудемін.

Осы жақында таң ата Хадисша апам түсіме кіріпті. Әдемі болып, жасарып кеткен. «Бірінші шығарған кітабым, соны саған берейін» деді. Қуанып айқайлап жіберіпін. Оны ең кеттім. Түсімді көңілімдегі бір кісіге жорыттым. Ол жасалыққа жорыды: «Кезінде ішкі саясатта жүргенде апай екеуіңіз аудандық мұсылман әйелдері қоғамының шараларында бірге жүріп елге қызмет еттіңіздер. Қаншама жастың көкірегі иманмен нұрланды. Енді осы жұмысты сізге жалғастыруға аманаттап жатыр екен» деді.

Иә, аналар, қыз-келіншектер, біздің жақсы сөз айтқанымыз да, жарқылап, жақсы тілекте жүргеніміз де мына ел үшін құт, береке.

Алла ынтымағымыздан айырмасын!

Әдемі ДӘРІБАЕВА

Бірлігі бекем елдің МЕРЕКЕСІ

Жаңақорған тынысы

http://zhanaqorghan-tynysy.kz

№18 (8522)
6 наурыз,
жексенбі
2022 жыл

3

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, өлімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған салтанатты мереке. Бұл тағдыр төлкемен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондардың өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым бөлігісі. Бүгінгі таңда бұл мереке барлық қазақстандықтар үшін қайырымдылықтың, достық пен бірліктің жарқын үлгісі, ел азаматтарының ынтымағын арттыруға ықпал ететін мереке.

Атаулы мереке қарсаңында, Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты шарада аудан әкімі Руслан Рустемов барша жаңақорғандықтарды атаулы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Ардақты ағайын, құрметті жерлестер бүгінгі «Алғыс айту» мерекесі құтты болсын. Біздің ата-анамыз «Тарихи тағдыр тапсырған Қазақстан халық» деп басталады. Міне, осы Қазақстан халқы тағдырдың небір қилы кезеңдерінен өткен, қиын-қыстау уақытта қол ұшын созып, құшақ жая қарсы алған халқына алғыс айтамын. 1 наурыз алғыс айту күнінің терең мәні осында жатыр. Туыс-туған арасындағы татулық үшін, ағайын арасындағы ауызбіршілік үшін ардагерлерге, қоғамдағы қауымдастық үшін, мемлекет ішіндегі мәміле үшін тұғырлы биік халқыма, барша жаңақорғандықтарға Алғыс айтамын, – дейді аудан әкімі.

Шарада мәдениет қызметкерлері дайындаған шешен, неміс ұлты туралы бейнеролик көрсетілді. Одан кейін аудандағы бірнеше жыл еңбек етіп, өздерінің кейінгі жастарға үлгі, өнеге болған, «Еңбек – бейнет емес, зейнет» демекші, бүгінгі таңда еткен еңбегінің зейнетіне кенеліп отырған алтын құрсақты аналарға марапат көрсетті.

Айта кету керек, елімізде 2016 жылдан бастап 1 наурыз – Алғыс айту күні болып белгіленіп, жыл сайын атап өтіліп келеді. Бұл күн татулығымыз бен тұрақтылығымызды, береке бірлігімізді одан әрі нығайтуға жол ашып, ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейтін күн.

Бір шаңырақ астында өзара түсіністікпен күн кешіп келе жатқан түрлі этнос өкілдерінің бүгінгі татулығы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала береді.

Қоғамдағы келісімді ұйыстыру, этномәдени бірлестіктермен, қоғамдық ұйым жетекшілерімен байланысты жандандыру бағытында ауданымызда үйлесімді жұмыстар жүргізілуде. Ауданда 553 этнос өкілі татулық пен бірлікті, өзара түсіністікті қалыптастырып, қимас дос, ажырамас бауырдай болып тату-тәтті өмір кешіп жатыр. Олардың да қазақ халқына деген ыстық ықыласы мен айтар алғыстары бар деп ойлаймыз.

Әсел ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ



Жерлестеріміз жеңіс тұғырында

Биылғы жылды аудан спортшылары жақсы жетістікпен бастады. Облыс, ел чемпионаттарында үздіктер қатарынан көрініп, аудан абыройын асырды. Әсіресе, бұрымдылар шуақты мереке қарсаңында керемет сый жасады.



Құнанбай қыздарының қарқыны

Алдыңғы таңда Алматы қаласында өткен 2008 жылы туған қыздар арасындағы ел біріншілігінде топ жарды. Сыр елінің атынан сыңға түскен бұрымдылардың көшін жаңақорғандық арулар бастады. Құрманғалиев негізгі 6 ойыншысы Құнанбайдың шәкірттері. Облыс біріншілігінде әбден іркітеліп, шыңдалған таңдаушылар елдегі ең шоқтығы биік жарысқа тас-түйін дайындықпен барды.

Әр облыстан келі мықтылар бас қосқан жарыстың тәртібі бойынша 3 топқа бөлініп, әр топтан озып шыққан жеңімпаздар бір-бірімен жүлделі орындарға таласты. Үшінші топқа тап болған қызылордалық қыздар алдымен Қарағанды құрамасын ірі есеппен тізе бүктірді. Одан кейін Павлодар облысы мен Алматы қаласының ардуларынан аялысын асырып, атық сыңға жолдана алды. Ол жақта Алматы облысының командасы мен ақтөбелік «Қандыағаш» қыздары күтіп тұрды.

Жарыстың деңгейі жыл сайын жоғарылап, талантты жастар өсіп келеді. Гандбол спорты біздің өңірде жақсы дамыған, мектебі қалыптасқан. Оны ұлттық құрама сапында жүрген спортшылардың жетістігінен көруге болады. Жарыстар әлі алда, бұл қыздарды енді Азия біріншілігі күтіп тұр. Әлі іркітелген көк, ұлттық құрама сапын чемпиондар құрайтынына сенімдіміз, – деді білікті бапкер Құнанбай Сәлімбаев.

Сонымен ақтық сыңға Ақтөбе мен Алматыдан келген бұрымдыларды қапы қалдырған Қызылорда қыздары чемпион атанды. Жаңақорғаннан облыс намысын Әсел Бахитжан, Нұрдана Қыргызбай, Аяулым Сағдат, Қызылбек Ғалым, Тоған Сайдалиева және Қаражат Әнуар қорғады. Құнанбаймен бірге облыс құрамасын Ольга Егуннова жаттықтырды.

Жалпы, ауданның қол добы спортының бүгінгі биігі керемет нәтижемен толығуда. Құнанбай қыздарының алды ұлттық құрама сапында жүр. Ал ауданның «Сығанақ» жасөспірімдер командасы елдің 1-лигасында өнер көрсетеді. Ал, жоғарғы және супер лигасында аудан атынан сыңға түсуге қаржы жағы қолбайлау болып тұр дейді бас бапкер. Әзірге қыздардың көші облыстың, ал, ең төменгі жастағылары ауданның атын қорғап жүр. Осындай жастарға неге бет бұрмасқа, осындай бәлгіні тасымағдай мекемесінде өткізіп, абыройлы еңбек етті.

Бәйтеректей ұрпаққа сая болған, Перзентінен мейірімін амаған. Қарыздарымыз анашым өзінше, Ғұмырынан артық бізді аялаған. Анашым, иман болсын жолдасың, Бір Алла өз қолдасың. Құранмен нұрланған жаныңды, Жұмақта мәңгі тонбасың. Құрметті әлеумет, әкеміз Салима Әубәкірқызының жылдық асын (6 наурыз қонақасы шаңырағында) 7 наурыз күні «Орталық мешітте» бермекпіз. Барша ағайын-туыс, құда-жекекат, дос-жаранды Құран ішінде болып, ниетімізге ортақ болуға шақырамыз.

Хабарландыру

«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 16 наурызынан 25 наурызға дейін аралығындағы кезеңде Бірыңғай экологиялық порталы бойынша (ecportal.kz) «Газлоқты-модульдік қазандық, Шалкия кен орнындағы газбен жабдықталу желілері мен жылу желілері құрылысы» жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіні хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталдан (ecportal.kz), сондай-ақ, Шалкия кенті әкімдігіндегі Қоғамдық қабылдау кабинетіне беруге болады. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалкия кенті, М.Шоқай көшесі 32, тел: 8/72435/79107, E-mail: info@zinc.kz

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «Институт Карагандинский Промстройпроект», ЖШС, Қарағанды қ., Н.Абдиров д., 3, E-mail: info@kpsp.kz

Объявление

АО «ШалкияЦинк ЛТД» в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает о том, что в период с 16 марта по 25 марта 2022 года на Едином экологическом портале (ecportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения Раздела «Охрана окружающей среды» по проекту «Строительство газлоқты-модульдік котельных на газе, сетевой газоабсорбция и тепловых сетей на месторождении «Шалкия».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (ecportal.kz) для предоставления замечаний и предложений, а также в Общественной приемной акимата пос. Шалкия.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «ШалкияЦинк ЛТД», Кызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалкия кенті, М.Шоқай көшесі 32, тел: 8/72435/79107, E-mail: info@zinc.kz

Разработчик проектной документации – ТОО «Институт Карагандинский Промстройпроект», г. Караганда, пр. Н.Абдирова, 3, E-mail: info@kpsp.kz



Төл газетімізге рахмет айтамыз!

Алғыс айту – атаулы күніне орай аудандық Оқушылар үйінің Ақнұр Мадалиева жетекшілік ететін «Жібек елі» үйірмесінің жауқазын бұлдіршіндері аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясына арнайы келіп, қаламгер аға-апаларына өздерінің жүрекжарды тілегін білдірді.

Балауша балғындар қатарында Жәудір, Қызғалдақ, Гүлсейіт, Ұлдана, Перизат, Ұлбала сынды жеткіншектер қауырыс талантты қарымын ұштап, газетіңіз «Шаңырақ» бетінен өздерінің төл туындыларын көргісі келетінін айтты.

«Жібек елі» үйірмесінде жас

талаптарды түрлі өнерге баулуға маңыз беріледі. Кішкентай жауқазыннан өздері дайындаған бол бармақтарынан төгілген тәтті тортытты шай ішуге ұсынған илтипатына редакция қызметкерлері де мол алғысын жаудырып, келешектеріне сәт-алап тіледі.

Алғыс айту – үлкен мен кішіні, алыс

пен жақынды ауызбіршілікке, берік ынтымақтастыққа жетелейтін қасиетті үрдіс. Қазақ елі ата-бабадан келе жатқан осы үрдісті ұлық тұтуды мақсат етеді.

Жасұлан СЕЙДЕМЕТОВ

Анашым, жаныңыз болсын пейіште

Ардақты әже, ибалы келін, инабатты жан, ұлағатты ұстаз бола білген анамыз Күлшарат Шермағанбетованың мәңгілік мекенге аттанғанына жыл толды. Саналы ғұмырын ұстаздық салаға арнаған аяулы анамыздың есімі ешқашан ұмытылмасы ақиқат. Күлшарат Нәзілдіқызы 1953 жылы Кеңес ауылында дүниеге келді. Алғашқы еңбек жолын өзі білген алтын үй мектебінен бастап, аудан орталығындағы №125, №51, №110 мектепте бастауыш сынып мұғалімі қызметін абыроймен атқарды. Отбасы жағдайына байланысты 2006 жылы Ақтау қаласына қоныс аударып, №93 мектепте жұмысын жалғастырды. Әлеуметі мол, жоғары санатты, тәжірибелі, жаңашыл ұстаз ретінде шеберлігі мен шығармашылығы жоғары бағаланып, директордың орынбасары қызметінде болды. 2016 жылы М.Қаратаев атындағы №51 орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып қайта ауысып, кәсіпқандар комитетінің төрайымы, бірлестік жетекшісі қызметін қоса атқарды. Отағасы Қалжан Қыдырбаев екеуі төрт ұлды тәрбиелеп, ұағ қондыра білді.

Сағындық сәзді, келеміз бізде өріп із, Нұрланып тұрсын, арқашан мекен көріңіз. Бір Алла өзі жар болып сізге ендігі, Жұмақтан болсын мәңгілік мекен төріңіз.

Құрметті жамағат! Күлшарат Нәзілдіқызының жылдық асы (11 наурыз қонақасы) 12 наурыз күні өз шаңырағында, Қалкөз Сейтпенбетов көшесі №49 үйде беріледі. Барша ағайын-туысты, дос-жаран, анамыздың көзін көрген жандарды Құран ішінде болып, ниетімізге ортақтасуға шақырамыз.

Еске алушылар жары Қалжан, ұлдары, Қыдырбаевтар мен Шермағанбетовтар әулеті

Үй сатылады

8 бөлмелі, есігінің алдында 3 бөлмелі ырымжасы бар. Тағы бөлшек қонақ күтетін 3 бөлмелі үйі бар, банясы, гаражы, тапқан, навес, бақшасы бар үй сатылады. Жері 15 соттық. Мекен-жайы Нарымбетов №21-А.

Телефон 8-702-740-30-88.

Мұрагерлік куәлік

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Әсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2022 жылғы 14 ақпанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе ауылында тұрған азаматша Абдраилова Катина Пазилбекованың, 2022 жылы 15 ақпанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қандөз ауылында тұрған азаматша Кошанова Кенжекул Кошанованың, 2022 жылы 15 ақпанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Пахырдинов көшесі №31 үйде тұрған азамат Мырзабаев Шарипбектің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55. ***

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының жеке иесі нотариусы Ержанова Ботгоз Таженовна, 7 қараша 2021 жылы қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қосүйенкі ауылы, Алтынбек Нұржігітов көшесі №22 үйде тұрған азамат Ағаділов Мейрамбек Аманбекұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорасан Ата даңғылы 160 Б. Тел: 8 (72435) 24-9-36, 8701-288-61-36.

Хабарландыру

«Қамқоршы» кредиттік серіктестігі ЖШС-гі Басқармасының шешімімен белгіленген құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2022 жылғы наурыз айының 31-ші жұлдызы күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді Иманов даңғылы №132 үйі. («Қамқоршы» КС ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібінде:

- Серіктестіктің 2021 жылғы Қаржы есебінің қорытынды туралы тәуелсіз аудитордың қорытынды есебін қарап жылдық қаржы есебін бекіту. (Баяндамашы Бекмаханов С.Д.)
- «Орталық» Несие серіктестігі» ЖШС-нің жарғылық салымына «Қамқоршы» кредиттік серіктестігі ЖШС-нің меншікті қаражатының 0,791 пайыз мөлшерінде салынған салымды ұлғайту жайлы. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)
- Несие рәсімдеу үшін ішкі нормативтік құжаттардың жаңа үлгілерімен танысып бекіту. (Баяндамашы Еркішев Е.Д.)
- Өзге мәселелер.

Осыған байланысты 2022 жылдың наурыз айының 31-ші жұлдызы күні сағат 10.00-де болатын құрылтайшылардың жалпы жиналысына қатысуларыңызды сұраймын.

Е.Д.Еркішев, «Қамқоршы» КС-нің ЖШС-нің Басқарма төрағасы

Еске алу

Өткен жылдың 9 наурызында еңбекқор әріптесіміз Күлшарат Шермағанбетова келісетін мекеніне мініп, мәңгілік мекенге аттанды. Біздің жүрегімізден ақкөңіл, көпшіл, адалдығымен орын алған әріптесімізді сағына еске аламыз. Өмірінің басым бөлігін ағарту саласына арнап, баланың сапалы білім алуы жолында амбабай тер төккен, ұлағатты ұрпаққа еңбексүйгіштік пен адамгершіліктің туын биік ұстауды ұлықтаған ұстаз еді.

Күлшарат Нәзілқызы 1963 жылы Кеңес ауылында дүниеге келген. 1981-1984 жылдары Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесінде оқып, «бастауыш сынып мұғалімі» мамандығын алған. Еңбек жолын 1984 жылы №239 Кеңес орта мектебінде мұғалім болып бастап, аудан орталығындағы №56, №110, №51 орта мектебінде ұстаздық етті. Сонымен қатар, 2006-2014 жылдары отбасымен Ақтау қаласында тұрып, сондағы білім ордасында да ұстаз болып, оқу ісін ментерушісі қызметін атқарған. Кейіннен №51 М.Қаратаев атындағы орта мектепке қайта келіп,

Бір жыл толды нәзік жүрек тоқтағалы, Бір жыл толды ұлағатты жоқтағалы, «Алайда мұғалімнің нұр бейнесі, Жүректерде мәңгілік сақталады.

Бәйтеректей ұрпаққа сая болдың, Ұрпағынан мейірімді амадың, Жаннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіндей қайда бізге аяулы адам.

Еске алушылар №51 мектептегі әріптестері.

Сағындық асыл бейнеңді

Аяулы анамыз, шаңырағымыздың шаттығы, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі, әулетіміздің қамқоршысы Салима Әубәкірқызының мәңгілік мекеніне аттанғанына жыл толды. 2021 жылдың 7 ақпанында ардақты анамыз келісетін мекеніне мініп, арам-ыздан мәңгіге алыстады. Эттің тағдырдың ісіне аман бар ма?

Салима Әубәкірқызы 1939 жылдың 1-сәуірінде Шилей ауданында дүниеге келді. Еңбекке ерте араласып, қиындықтарға қайыспай адал қызмет жасады. 1 ұл, 2 қыз мөлпел өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Олардан 10 немере, 13 шөбере сүйді. Тіршілігінде қызмет жолының басым бөлігін тасымағдай мекемесінде өткізіп, абыройлы еңбек етті.

Бәйтеректей ұрпаққа сая болған, Перзентінен мейірімін амаған. Қарыздарымыз анашым өзінше, Ғұмырынан артық бізді аялаған. Анашым, иман болсын жолдасың, Бір Алла өз қолдасың. Құранмен нұрланған жаныңды, Жұмақта мәңгі тонбасың. Құрметті әлеумет, әкеміз Салима Әубәкірқызының жылдық асын (6 наурыз қонақасы шаңырағында) 7 наурыз күні «Орталық мешітте» бермекпіз. Барша ағайын-туыс, құда-жекекат, дос-жаранды Құран ішінде болып, ниетімізге ортақ болуға шақырамыз.

Еске алушылар қызы Фарида, Қуаныш-Жадыра

Балуандар бабында

Шымкент шаһарында өткен белбеу күресінде 23 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер арасындағы ҚР чемпионатында жерлестеріміз жеңіс тұғырынан көрінді. Сыр өңірінің атынан сыңға түскен жаңақорғандық балуандар 3 алтын, 2 күміс және 1 қоламен қуанты. Алдыңғы бәсілем төріне бұрымды балуандар көтерілді. Қыздар бәсекесінде 62 келіде бак сынаған Қанар Ермахан жартылай сыңға дейін сүрінбелі. Тек финалға жолдана бұйырмай, қола жүлде үшін белбесуде барын салды. Алғашқы қола қоржына осылай түсті. Ал, Жұлдыз Жұмаханнның жұлдызы жанды. Ол ақтық сыңға дейін сүрінбей өтіп, тек шешуші сәтте қарсыласына есе жіберді. Келесі күні жігіттер жарыс жолына шықты.

57 келіде Алдабергенов Бекзатқа тең келер қарсылас табылмады. 75 келіде қос балуанымыз ақтық сыңға белдесті. Алтын Мауқенбай Айбергенов бұйырса, күміс Мамыт Наурызбектің еншісіне жазылды. 82 келіде өнер көрсеткен Асхан Саятқа да алтын бұйырмай, күмісті қанағат тұтты. Ең ауыр салмақ 90 келіде белдескен Әмірзақ Нұрсұлтан қарсылас шак келтірмеді.

– Жарыс деңгейі жыл сайын өсіп, кіл мықты балуандар шығуда. Бізде

– Біздің қыздар волейболдан әбден шыңдалған сақа ойыншылар. Олардың арасында ауданның намысын қорғайтын спортшылар да бар. Он жылға жуық облыстағы турнирлерде төбе көрсетіп, бірнеше мәрте чемпион атанды. Бұл неше жылдан бері маңдай тердің жемісі, бұйырса әлі талай жеңісті бағындырамыз, – дейді команда капитаны Әсел.

Сөз соңында біздің спортшылар футбол, дзюдо, тоғызқұмалақтан да аудан мерейін үстем етті. Ол туралы алдағы уақытта кең көлемде жазылатын болады. Міне, біздің спортшылардың биылғы жорығы осылай басталды. Жеңісті құндер көп болсын!

Әли ТЕМІРБЕК

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Аманатқа» ақ тілек

Халық пен биліктің арасының алшақтауы, сыбайлас жемқорлықтың дендеуі күрделі құбылыстарды туындататынын көз көрді. «Аманат» партиясы осы кеткен олқылықтардың орнын толтырып, атына заты сай, ата-баба мұратына адал, жұртшылық жүрегіне жақын бола алуға міндетті.

Мен «Nur Otan» XV съезіне делегат болып қатысып, мінберден сөз алған депутаттық мандатымды пайдаланып мына мәселені көп алдында назарға ұсындым.

Партияның жергілікті өкілдері қарапайым халықтың қай кезде болмасын өз есігіндей еркін енетін, жұртшылықтың өтінішіне жауап беретін орын болуы керек. Барлық мекеме-ұжымның жанында бастауыш партия ұйымдары құрылып, көпшілікпен қоян-қолтық жұмыс жасаса партияның беделі артады.

Біткен іске сыншы көп, дегенмен барды бағалай білген де жөн. Бір ғана өзін басқарған Сунақата ауылын алайық, көшелері жөнделіп, ауыз су әрбір үйдің ішіне кіріп тұр. Жаңадан үйлер салынып, әр отбасында бір, тіпті екі автокөлікпен бар. Елдің егістік жері, қорасында малы бар. Осының барлығы елдегі тұрақтылықтың, берекелі тіршіліктің арқасы. «Аманат» осы атқарылған баянды істі одан да әрі үлкен жобаларға жалғайды деп сенеміз.

Әзия ҚЫСТАУБАЕВА,
аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы

Асыл міндетке адалдық

Аманат атауы қазақтың киелі ұғымы, терең маңызыға ие. «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген тәміл де бар. Яғни, бабалар аманаты – болашаққа аманат болуы тиіс. Ол жағдай атау күйінде емес, іспен дәлелдеу нәтижесімен құндылығы арта түседі. Халық игілігі үшін, мемлекеттік мүдде мақсатында партияға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Мен осы партиядан сайланған аудандық мәслихат депутаты ретінде сайлаушылар аманатын орындауға міндеттімін. Сондықтан Парламентте, жергілікті мәслихаттарда конституциялық басымдыққа ие, Үкімет пен жергілікті атқарушы билікті қадағалайтын партияның өкілі және депутат болғанымға әрі мақтанамын, әрі Партия Төрағасының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларын жергілікті жерде жүзеге асыруға атсалысамын.

Әсемкүл ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
аудандық мәслихат депутаты

Белді буынып, шарт түйініп совхоз директорына келді Айша. «Жұмыс тауып беріңіз». Жауақындай тұлымдыға не жұмыс тапсыруға болады. Директор Нысанбаев деген кісі. Күлшібетов Әсеннің қарауына жіберді мұны. Сабақтан соң кешкі бестен тоғызға дейін қырманға тұқым тазалауға. Еңбекшісі алыс сом. Азық-түліктерін қосымша төгіп тастайды. Ой, ол кездегі адамдардың мейірімділігін айтсаңыз. Совхоз директоры Нысанбаевтың бір перзенттің тырнағына зар болып жүрген кезі. «Әй Дәрімбай-ай, массын ғой!», деп басын шайқайды қыздардың әкесін көрген сайын. «Осындай қарақөздерді қалай қиып тастап кеттің?». Құйтқандай қызды техниканың тілін менгеріп, трактордың руліне отырғызған осындай тауқымет, осындай тұрмыстың қиыншылығы еді.

Алдымен Түгіскен ауылында ашылған СПТУ-дың филиалында 3 ай курстан өтіп, маманданады. Сол кезде үкіметтің қыздарды тракторға отыруға қызу үндеп жатқан кезі, Айшамен бірге бірталай жас техниканы тізгіндеуге талап қылғанымен, сұзырылып шыққан құрбысы Мәрия Әбдиева екеуінің ғана еншісіне ескі де болса трактор типі, еңбекқорлықтарымен, белсенділіктерімен елдің көзіне түседі.

Бір жылдан соң жаңа тракторға ие болып көңілі көлдей тасыған Айшаға кеңешар басшылығы «Айша, Камшат апаң сияқты К-семьсотты неге игермеске» деген қолқа салды. Сөйтсе, «К-700» тракторына мамандануға кісі қажет болып тұр екен. Социалистік Еңбек Ері Камшат Дөненбаевтың атағы дүрілдеп тұрған кез. Айша ойланбастан «оқимын» деп Бәйгекүмдағы техникумға құжат тапсырады. Барын, 500 жігіттің арасында 5-6 қыз алты айлық курстан өтеді. Сөйтіп кеңешарға – жаңадан келген «К-700» тракторы Айшаның тақымына тиді. Қыруар жұмыс басталды. Жер жұрту, егістікке тыңайтқыш тасу, мал отарларына шөп жеткізу, Бесарық станциясына Сібірден келіп жететін вагон-ағашты тасу, Айшаның жыл он екі ай міндетіне айналды. Бұдан бөлек ол кезде ХХІІІ партсъезд пен Түгіскеннің арасында жол салынбаған кез,



Есепке жүйрік Айгерім

Бүгінде балалардың зияткерлік қабілетін дамытып, ойша есепті жүйрік шығаруға арналған ментальды арифметиканың тасы өрге домалап тұр. Біздің ауданда да есеп шығарудың аталмыш тәсілін баалаушы менгергенін қалайтын ата-ананың қарасы көп. Осы ретте аудандың оқушыларына есепті шемішкеше шығудың жолдарын Айгерім Ерболатқызы үйретіп жүр. «UCMAS» халықаралық орталығымен тікелей жұмыс жасайтын ұстаздан жаңа бағдарламамен кеңінен танысу үшін сұхбаттасқан.

— Жалпы, ментальды арифметика дегеніміз не? Оның балаға тигізер пайдасы қандай?

— Ментальды арифметика – 4-14 жас аралығындағы балалардың зияткерлік қабілетін шыңдауға арналған бағдарлама. Абақүспен жұмыс істеу балалардың ұсақ моторикасын дамытып, мының екі жаз жарты шарының үйлесімді дамуына әсер етеді. Оқушының зейіні мен фотографиялық есте сақтау қабілеті артып, бойында шығармашылық ойлау, байқамаздық, өз-өзіне сенімділік, жылдамдық пайда болады. Мәселен, менен «альбинос» диагнозы бар шәкірт білім алды. Нәтижесінде оның бойындағы шығармашылық қабілеті ыңдалып, сол қызым өлең жазатын болды. Жалпы, білімнің бұл түрі баланың мына сигнал беру арқылы бойындағы қабілетін оятады.

— Бұл бағдарлама біздің аймаққа қай уақыттан бастап келді? Қысқаша тарихына тоқталып кетсеңіз.

— Негізінен оның тарихы ежелгі қытайлықтар ойлап тапқан абақүс есептеу құрылысымен тікелей байланысты.

Дәл осы құрылғының адам миын шынықтыратын қасиетін байқаған малайзиялық профессор Дино Вонг 1993 жылы UCMAС ментальды арифметика бағдарламасын ойлап тапқан. Қазірде осы бағдарламамен әлемнің 75 елі жұмыс жасап, ол елдерде UCMAС орталықтары ашылған. Біздің елге есептеудің осы түрі 2011 жылы келіп, Қызылорда облысында 2015 жылдары ментальды арифметиканың курстары ашыла бастады.

— Білуіңізше, сіз техниканың бағытта білім шыңдадыңыз? Кейін бала оқытуға бет бұрыңыз. Білімнің нәзік осы жаңа саласына қалай келдіңіз?

— 2015 жылдың қаңтарында UCMAС ментальды арифметика орталығының модераторлары Қызылордаға келіп мамандар даярлайтынын хабарлады. Сабаққа 20 қыз қатысып, соның екеуі ғана емтиханнан өттік. Содан бері осы орталықпен келісімшартқа отырып, балаларды есепті ойша шығаруға баулып келеміз. Ал, 2018 жылдан бастап аудан шәкірттерімен жұмыс жасаудамын.

— Шамамен 7 жылға жуық осы салада

еңбек етіп жүр екенсіз. Оқушыларыңыздың жетістіктері қандай?

— Негізінен қазіргі балалардың көбі есепке өте жүйрік. Тіпті, 1-сынып оқушыларының өзіне «қосу» мен «азайту» есептері түк емес. Содан болар, менің шәкірттерімнің жетістіктері баршылық. Оқушыларым, республикалық, халықаралық жарыстардан жүлделі орындар алып жүр. Мәселен, 2017 жылы Алматыда өткен ұлттық «Абсалотт чемпион» жарысынан І-орын алсақ, облыс атынан Салырбек Жасмин атты шәкіртім Үндістанның Дели қаласында өткен «ХХ Халықаралық жарысына» қатысып, ІІ-орынды қанжығамызға байладық. Сонымен қатар, Жәнісбек Алина облыстан озық шығып, Дубайда өткен «XX Халықаралық жарысқа» қатысып, І-орынды иемденді. Жалпы, бұдан бөлек оқушыларымыз облыстық жарыстарда оқ бойы озып шығатын тұстары көп. Бұл – менің ең үлкен жетістігім жеп ойлаймын.

— UCMAС халықаралық орталығымен тікелей жұмыс жасаймын дедіңіз. Осы орталықпен бірігіп жұмыс істеудің қандай артықшылықтары бар?

— Әр істің өз заңдылығы бар. Ментальды арифметиканың заңдылығына сәйкес, осы орталықтан тікелей білім алып, тығыз байланыста болатын, осы халықаралық орталықтың сертификаты бар адам ғана осының нағыз маманы саналады. Егер ұстаздан аталмыш орталықтың құжаты болмаса, демек ол маман емес. Кейбіреулер жеке бір орталықтардың құжатын көрсетіп бала оқытады. Бұл дұрыс емес. Түптеп келгенде, ол заңға қайшы. Құжаты жоқ ұстаздардың оқу құралдары да жасанды болады. Өйткені, UCMAС орталығы тек өзімен тікелей байланыстағы ұстаздарға ғана кітабын береді, жалақысын төлейді, жылына екі рет Алматы қаласында мғалімдершіл тәжірибесін шыңдайды. Сондықтан ата-аналар балаларын ментальды арифметикаға берерде ұстаздың біліктілігін тексергені абзал.

— Бір кездері есепті оймен шығаратын балаларды жаңалықтардан көріп, таңдай қаққаныңыз рас. Дәл қазір осындай дарынды балалар көп пе?

— Әр бала дарынды. Тек қабілетін шындай білу керек. Қазір кенттегі «Сана» жеке бастауыш мектебінде сабақ беруемін. Іскендір Әсел, Араб Жанаділ, Ернар Асан, Ақылбек Мұслима атты дарынды шәкірттерім бар. Мысалы, арифметикалық жарыстарда балаға 200 есепті ойша шығаруға 8 минут уақыт беріледі. Ал, Іскендір Әсел 200 есепті 7 минут 15 секундта шығарды. Бұл бастауыш сынып оқушысы үшін үлкен жетістік.

— Болашаққа жоспарыңыз қандай? Балаларды есепке баулуы әрі қарай жалғастырасыз ба, әлде басқа салаға бет бұрасыз ба?

— Баламен жұмыс жасау маған күш-қуат береді. Осы ісімді одан әрі шындай түсудемін. Қазір білімдіміз толықтырып, екінші жоғары оқу орнында білім алып жүрмін. Оқушының ісі үнемі ізденісті талап етеді. Болашақта мектепалды даярлық жасындағы балаларға арнап ментальды арифметика орталығын ашу жоспарыма бар.

— Сұхбатыңызға рахмет. Абыройыңызды асқақтатар дарынды шәкірттеріңіз көп болсын!

Айсұлу Алданазар



Аманат арқалаған Айша

райкомың да, сыртан келген өкілдер де екі шаруашылықтың арасына көлік батпақтан жүре алмайтын болғандықтан Айшаның К-семьсотына күні түсіп екі аралыққа трактормен қатынайтын.

Еңбек десе жанын беретін, титтейінен ақиқаттың алмасындай тіліп түсер өжеттігі тағы бар. Айшаны енді ел-жұрты алдыға тұтып, ауылдық кеңестің депутаты етіп сайлады. Көп ұзамай аудандық кеңестің депутаты болды. Қат-қабат жұмыстардан бөлек енді халық қалаулысына елдің мұң-мұқтажымен бөлісу, еңбекшілерді қабылдап, арыз-шағымдарын тындап,

шешілуіне ықпал ету міндеті келіп қосылды. Әсіресе кемтар жандардың жағдайын жіт зерделеп, құжаттарының заңды рәсімделуін қатты қадағалағанын айтады Айша апамыз.

Сексенінші жылдар облыстық Кеңеске депутат боған кезі. Түгіскенте өзін арнайы іздеп «Қазақстан әйелдері» журналы редакторы Қарақонақова келді. Еңбек адамының үйінде кадрлік қонақ болды. Жанында республикалық жоғары соттың өкілі марказға азамат бар екен, қолдарында «Қарындасым, не шаруа болса да хабарласып тұр, жәрдемді аямаймын»

деген ағасына еңбек адамы сыпайы ізет білдірді де қойды. Қарапайым еңбегін сауып, елде жүрген жас Жоғары соттың есігінде тұрғанын елестете де ала ма? Ізінше Айша туралы мақала суретімен «Қазақстан әйелдері» журналына жарқ ете қалды. Ол кезде баспасөздің құдыреті мықты ғой. Республиканың түкпір-түкпіріне тарайтын. Ал енді Айша қызға жан-жақтан хаттар жаусын. Оқып үлгірмейсің. Соның ішінде бір хаттың мәтіні жүрек ұшың сыздап тұрып алды. Жазасын өтеу колониясынан хат жолдаған жас жігіттің жазбасын оқып еді, жазықсыз қамалып жатқан жайы бар екен. Оқиға былай болған: Павлодар қаласында институт оқитын кентаулық өрен «Ертіс толқындары» атты өнер фестивалінде он шырақп, жүлделі болады. Жанында курстастарымен ресторанға барып жумақ болады. Үш жігіт, екі қыз ресторандатып, жанында досы – қаланың ІІ хатшысының ұлының келімімен кайтып келе жатады. Бұл көзі ілініп кеткен екен. Сол екі ортада зулап келе жатқан көлік көшеде жүргізушіні қағып, келесі көшеде мұны отыап, рульдің тізгінін ұстатып «мен масандау болып тұрмын. Ару қарай сен айда. Бізді тастап, көлікті пәтеріңнің жанына қоя сал» деген соң ол «макул» дейді. Тәнертең ұйықтап жатқан жерінен милиция алып кетіпті. Тергеу әділ жүрмей, жазықсыз сотталып кете барыпты. Мұнан соң Айшада дегбір қалмады. Өткендегі сот ағасымен хабарласуға тура келді. Ол кісінің қозғауымен сот ісі қайта қаралды. Баяғы студент екі қызға іздеу салынып, олар жігіттің еш қатысы жоқ екеніне куәлік беріп, көлікте адам қаққан кінәліні көрсетіп берді. Сөйтіп жауқазын тағдырға араша болу нәсіп болды Айшаға. Тағы осындай өтінішпен хат жазған жезқазғандық азамат кінәсіз екендігі дәлелденіп, халық қалаулысының қақырыл ізденісін арқасында бас бостандығын алды.

Облыстық кеңестің депутаты кезінде облыстық партия комитетінің мүшесі болған Айша Наубаеваға көбіне жиналыс, конференцияларға қатысу үшін жол жүруге тура келеді. Ондайда серіктес әріптестің кезегін ауыстырып трактор рөліне ай жарығында отыруға тура келетін. Мұндайда 24 сағат үйіпқамтайды. Бірақ «менің кезегімді де сен атқара сал» деп жігіттерге артық жүк артуға қыз да болса қысылатын. Күні бойы аңыздақта тер төккен құрдастың уақытылы тынығуына



Жаңақорған тынысы

http://zhanaqorgan-tyynyzy.kz

№18 (8522)
6 наурыз,
жұксенбі
2022 жыл

4

Тігіншілік – қол мен қиялдың еңбегі

Елімізде кәсіптік және техникалық білім беру жүйесі жаңара түсуде. Заман талабына сай маман даярлау жұмысы да өзекті. Тәуелсіздігімізді алып, нарық заманына көшкелі бері білім беру жүйесінің бұл саласы нарық сұранысына жауап бере алатын, жаңа технологияларды меңгерген, нағыз қажетті маман даярлау жолында қызмет етіп келеді. Ауданымыздағы аграрлы-техникалық колледжде өз ісін жолға қойған, нағыз керекті мамандар даярлануда.

Әсіресе, бүгінгі заманның сұранысына ие болып отырған, тігінші мамандығын оқытып, қаншама нәзік жандарды ісмерлікке баулып, қоғамда өз орындарын табуға ықпал етуде. Осы оқу орнына барып, тігінші шеберханасының қыр-сырымен таныстық. Онда бізді Айымжан Әлібекова есімді ұлағатты ұстаз қарсы алып, дереу тігін шеберханасына апарды. Шеберхананың есігін ашқаны сол еді, құдды ертегілер әлеміне енгендей күй кештік. Қызылдық, қасалдық түрлі-түсті матаны киіп алып, ою тігіп, көрпе-көрпешенің пішінін шығарып отырған шәкірттер нағыз шығармашылық жұмыс үстінде екен. Ұстаздары Айымжан Әлібекова жасаған жұмыстарын таныстырып, әрбір студенттің шығармашылығымен жете таныстырып, мамандықтың қыр-сырын түсіндірді.

Бала күнімізден апа-жеңгелерімізді иіне алып, жыртылған киімді тігіп, жамап-жасақп отырғанын көріп естік. Ал, қазір қолына ие ұстайтын қыз-келіншектер көп емес. Дегенмен, біздің оқу ордасында арнайы тігінші мамандығына баулып, балауса қыздарды белгілі бір кәсіп түріне баулып келеміз. Үш курс бойынша 75-ке тарта шәкірт білім алып жатыр. Барлығының да талабы жоғары. Біз ұстаздар өз тарапымыздан оларға тігіншіліктің қыр-сырын, пішу, тігу, кестелеу сынды түрлерін үйретіп, дайын тігінші етіп шығарамыз, – дейді ол.

Байқағанымыздай, тігін тігуді білмесек ол қазір мәселе емес. Бұл кәсіпті жете меңгеріп, шәкірттерді мамандыққа баулудың негізін қалап, халыққа пайдалы кәсіп үйретіп отырған Айымжан Әлібековаға бірнеше сұрақ қойған болатынымыз.

«Шебердің қолы алтын», деген сөздің жаны бар. Сөзге шебер, іске де ұста халқымыздың мәдениетін паш ететін құндылықтарымыздың бірі – қолөнер. Қолөнер шеберлерін дайындап, ұлттық өнерді дәріптеу мақсатында аудандағы кәсіптік колледжде ашылған арнайы курста жыл сайын қаншама талапкерлерді тігіншілікке баулып, нағыз маман иесі етіп шығарудамыз.

Тігіншілік, бүгінгі заманда ең табысты кәсіп түрі. Тігінші – бірнеше мамандандырылған мамандық. Таңдаған мамандығына байланысты, тігінші өз дағдыларын жетілдіреді. Кейбірі бірнеше мамандықты біріктіреді. Мұның бәрі өз жұмысын шынайы сүйе білуіне байланысты.

Тігінші мамандығының негізі табындылыққа келіп сыяды. Өйткені, шебер бірден туылмайды. Ол қиын жұмыс арқылы ғана келеді. Сонымен қатар, осы мамандықтың өкілі адамдарға сұлулық сыйлау үшін кереметкі дәл таңып, тұтынұшыға үлгі ұсынуда міндетті, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Біз колледждің тігіншілік факультетінде оқытқан қыздарымыздың қолынан шыққан неше түрлі бұйымды қызықтап, жандарынан үзай алмай көп жүрдім. Бәрі әдемі. Бәрі көз тартады. Қымбат тастармен әшекейлеп, қазақ қызының сұлулығын әдемі көйлектерімен одан әрі көркейтіп, түрлендіріп қойғандық. Қазіргі таңда салт-дәстүріміз бен өнерімізді дәріптеп, ұлттық нақыштың киімдерімізді мақтан етіп, жұлғап алтын болғанша, жүзі жарқын болсын», деп ой түйетін қазақ қыздарының көбейгені қуантады.

Айымжан ӘЛІБЕКОВА,
Жаңақорған аграрлы-техникалық колледждің оқытушысы

«Шебердің қолы алтын», деген кәсіп тігізіп алмасам деп талаптанып бағыпты. Жалғыз адамға ай серік, жан-жақтан қорқыныш анталаса, айғайлап ән салса, бой-басына бағылдық даритыны бар. Әжесі айтыс ақыны болған екен. Екі жүздей өлеңдері соңында қалыпты. Ал, әжесі жай қарапайым шаруа адамы болса-дағы кітап жинайтыны, оның бірін қалдырмай оқытыны осы ақынжанды ана бойындағы қасиеттің ұшқыны болар. Үйлерінде ешкімде жоқ тарихи кітаптар көп болатын. Шыңғысхан туралы жазылған кітаптың Қазан қаласынан шыққан алғашқы басылымын Айша әке кітапханасынан алып оқыды. Мәзmunына дейін жатқа біледі екен. Айта жәнненде Айша апамыздың да қаражау емесіне толық азымыз жетті.

Айша Наубаеваның кеудесінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі жарқырайды. Кезінде алған КСРО Министрлер Кеңесінің және Қазақ Кеңестік Республикасының «Құрмет» грамотасы, жиырмадан астам облыстық, аудандық, «Құрмет» грамоталары оның ширек ғасыр еңбек жолындағы ел экономикасына қосқан телегей-теңіз үлесінің айғағы болса керек. Жақында аудан жұртшылығының ұсынсымен Айша Наубаеваға Жаңақорған ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Бүгінде Түгіскен ауылында тұрып жатқан апамыз бізді жаңадан салып бітірген сәулетті сарайының айналасын қоршаған бәу-бақшалығымен таныстырды. Онда жеміс-жидектің барлық түрі өседі екен. Ал үйге енгеннен кейін тігін

сөздің жаны бар. Сөзге шебер, іске де ұста халқымыздың мәдениетін паш ететін құндылықтарымыздың бірі – қолөнер. Қолөнер шеберлерін дайындап, ұлттық өнерді дәріптеу мақсатында аудандағы кәсіптік колледжде ашылған арнайы курста жыл сайын қаншама талапкерлерді тігіншілікке баулып, нағыз маман иесі етіп шығарудамыз.

Тігіншілік, бүгінгі заманда ең табысты кәсіп түрі. Тігінші – бірнеше мамандандырылған мамандық. Таңдаған мамандығына байланысты, тігінші өз дағдыларын жетілдіреді. Кейбірі бірнеше мамандықты біріктіреді. Мұның бәрі өз жұмысын шынайы сүйе білуіне байланысты.

Тігінші мамандығының негізі табындылыққа келіп сыяды. Өйткені, шебер бірден туылмайды. Ол қиын жұмыс арқылы ғана келеді. Сонымен қатар, осы мамандықтың өкілі адамдарға сұлулық сыйлау үшін кереметкі дәл таңып, тұтынұшыға үлгі ұсынуда міндетті, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Біз колледждің тігіншілік факультетінде оқытқан қыздарымыздың қолынан шыққан неше түрлі бұйымды қызықтап, жандарынан үзай алмай көп жүрдім. Бәрі әдемі. Бәрі көз тартады. Қымбат тастармен әшекейлеп, қазақ қызының сұлулығын әдемі көйлектерімен одан әрі көркейтіп, түрлендіріп қойғандық. Қазіргі таңда салт-дәстүріміз бен өнерімізді дәріптеп, ұлттық нақыштың киімдерімізді мақтан етіп, жұлғап алтын болғанша, жүзі жарқын болсын», деп ой түйетін қазақ қыздарының көбейгені қуантады.

Айымжан ӘЛІБЕКОВА,
Жаңақорған аграрлы-техникалық колледждің оқытушысы

Газеттің келесі саны 10 наурыз, бейсенбі күні шығады

<p>Меншік иесі:</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</p> <p>Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясы</p> <p>Бас редактордың міндетін атқарушы Баян ҮСЕЙІНОВА</p>	<p>Телефондар: Бас директор – 8 (7242) 70-00-36 Бас редактор – 8 (724 35) 21-4-35 Бас редактордың орынбасары – 21-9-71 Тілшілер – 22-2-44</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17663-Г куәлігі берілген.</p> <p>«Жаңақорған тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 немірімен сертифициланған.</p> <p>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. А. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 22-2-44 немесе 8(7242)70-14-08 телефонына хабарласуға болады.</p>
				<p>Таралымы 5849 Тапсырыс №114</p> <p>Газеттің кезекші редакторы Әлібек ЖАРЫҚБАЕВ</p>

Мекен-жайымыз: 120300 Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №98 үй. E-mail: janakorgangazeta@mail.ru, infojanakorgan@gmail.com